



ДАМУ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ



БІЗ ТУРАЛЫ

2023 жылы Даму және коммуникация орталығы Кітапхананың қолданушылары, қызметкерлері және серіктестері арасындағы жоғары коммуникация қалыптастыру үшін тиімді жағдай жасады.

Әл-Фараби атындағы кітапхана тұрақты негізде пайдаланушылардың, студенттердің және педагогикалық ұжымның ақпараттық сауаттылығын арттыруға бағытталған іс-шаралар, кітап көрмелерін ұйымдастырады, серіктестермен бірлесіп, жарияланым этикасын жақсарту мақсатындағы вебинарлар, поэзия кештері, кітапханалық шолулар, кино кештерін өткізді.



ОРТАЛЫҚТЫҢ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫ

Кітап көрмесі

Университет аралық, республика аралық, халықаралық, атаулы күндерге және мерейтойларға жалпы саны 85 кітап көрме жасалып, 10600 адам қатысып, жалпы саны 8318 кітап, газет, журнал қойылды.

Экскурсия

2023 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқуға түскен студенттерге және іс-шараға қатысушыларға, басқа да университеттен келген қонақтарға жалпы саны 84 экскурсия 2058 адамға жүргізілді.

Онлайн сауалнама

Кітапхананың қызметін жақсарту мақсатында университеттің оқытушы-профессорлары мен студенттер арасында сауалнама жүргізіліп, 1886 қатысып өз ойларымен бөлісті.



ОРТАЛЫҚТЫҢ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫ

Кітапхана сайтындағы өзгерістер


Әл-Фараби кітапханасының сайтындағы университетіміздің кітапханада өткен іс-шараларын жаңалық бөліміне салып және сайттағы толықтырулар мен өзгертулердің 151-і жасалып оның 131-і аударылды.

Вебинарлар мен семинарлар

Әл-Фараби кітапханасының пайдаланушыларына жалпы саны 39 вебинар, 9 семинарларын өткізіп 3163 адам қатысқан. Деректор қорлары туралы 59 онлайн, 260 офлайн консультация берілді.

Қызметкерлерге арналған семинарлар мен тренингтер

Кітапхана қызметкерлерінің біліктілігін арттыру мақсатында 5 тренинг өткізіліп жалпы саны 210 қызметкерлер қатысты.



ҰЙЫМДАСТЫРҒАН ЖОБАЛАР

«Librarians day»


Кітапханашылар күніне орай Әл-Фараби атындағы кітапхана оқырмандар арасында «Librarians day» атты байқау, «Ұмытпа, оқырман!» акциясы сияқты іс-шараларды ұйымдастырған болатын. «Ұмытпа, оқырман!» акциясы аясында кітапханаға кітаптарын уақытында қайтармаған оқырмандар қарыз кітаптарын қазан айының соңына дейін айыппұлсыз өткізуге мүмкіндік алды.

«Күйзеліссіз сессия. Stress relief»

Емтихандық сессия кезінде күйзелістік жағдайлардың алдын алу және студенттерге барынша жан-жақты психологиялық көмек беру, рухани қолдау көрсету мақсатында Әл-Фараби атындағы кітапханада «Күйзеліссіз сессия. Stress relief» жобасы жүзеге асырылды. Бұл жоба аясында студенттерге емтихан арасында бой сергітіп, демалудың көптеген түрлері ұсынылды.

«Кітапханаға кітап сыйла» акциясы

Халықаралық кітап сыйлау күніне орай 16-17 ақпан күні Әл-Фараби атындағы кітапханада «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы өтті. Кітап мәртебесін көтеру мен жастарға кітап оқуды насихаттау мақсатында бұл ұйымдастырылған акция.



«FARAB» ОҚЫРМАНДАР КЛУБЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдық мерейтойы қарсаңында Әл-Фараби кітапханасының бастамасымен және Әлеуметтік даму және жастармен жұмыс департаментінің қолдауымен «FARAB» оқырмандар клубы ашылды. Әдеби-танымдық клуб Әл-Фараби атындағы кітапхана жанындағы студенттік қоғамдық бірлестік болып табылады.

«FARAB» оқырмандар клубының мақсаты - оқырмандардың кітапқа, кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, әлемдік әдебиеттің озық үлгілерімен таныстырып, студент жастар бойында әдеби талғам, оқу мәдениетін қалыптастыру.

Клубтың мүшесі:

- әдеби және зияткерлік қоғамдастықтың бір бөлігі бола алады;
- клуб пен кітапхананың барлық қызықты іс-шараларына қатыса алады;
- бос уақытын тиімді және пайдалы өткізуге мүмкіндік алады;
- жаңа достар табады;
- түрлі сыйлықтар мен сертификаттарға ие болады.



ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР



@kaznu.elibrary



Библиотека им. аль-Фараби



Library Kaznu

